



Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

Сапа бойынша есеп

*Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен
тауарлардың өзара саудасы және сыртқы саудасы туралы*

Мазмұны

- S. 1 Байланыс деректері
- S. 2. Өзектілік-кіріспе
- S. 3 Метадеректерді жаңарту
- S. 4 Статистикалық ақпаратты ұсыну
- S. 5 Өлшем бірлігі
- S. 6 Есепті кезең
- S. 7 Құқықтық негіз
- S. 8. Құпиялылық және деректерді қорғау
- S. 9 Жарияланымдар саясаты
- S. 10 Тарату жиілігі
- S. 11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық
- S. 12 Құжаттаманың қолжетімділігі
- S. 13 Сапаны басқару
- S. 14 Өзектілік
- S. 15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)
- S. 16 Уақытылылық және ұқыптылық
- S. 17 Салыстырмалылық
- S. 18 Келісушілік
- S. 19 Жүктеме
- S. 20 Деректерді қайта қарау
- S. 21 Статистикалық деректерді өңдеу
- S. 22 Ескерту

S.1 Байланыс деректері

S.1.1 Ұйым

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы

S.1.2 Құрылымдық бөлімше

Қызмет көрсету және энергетика статистикасы департаменті Өзара сауда және тауар нарықтары статистикасы басқармасы

S.1.3 Байланысатын адамның аты

Анес Нұрсая Ұлықбекқызы

S.1.3.1 Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты

Қарауылова Гүлмира Сайлаубекқызы

S.1.5 Байланысатын адамның пошталық мекенжайы

010000, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы 8, Министрліктер үйі, 4-кіреберіс

S.1.6 Байланыс адамының электрондық мекенжайы

nu.anes@aspire.gov.kz

S.1.7 Байланыс адамының телефоны

+7(7172) 74-93-96

S.2 Өзектілік-кіріспе

Еуразиялық экономикалық одағының (бұдан әрі – ЕАЭО) өзара саудасы – ЕАЭО мүше мемлекеттері арасындағы сауда.

ЕАЭО мүше мемлекеттері – Ресей, Беларусь, Қазақстан, Армения және Қырғызстан.

Қазақстан Республикасының ЕАЭО елдерімен өзара сауда статистикасын қалыптастыру үшін «Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен өзара тауарлар саудасы туралы есеп» 1-ТС нысаны бойынша есеп негізгі болып табылады.

Сыртқы және өзара сауда статистикасы мемлекеттік деңгейінде және бөлек кәсіпорындардың деңгейінде шешімдерді қабылдау үшін өте маңызды.

Сыртқы және өзара сауда статистикасы халықаралық ұйымдарға ұсынылады: Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ дерек қоры), Халықаралық ақша қоры, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Статистикалық комитеті, және тағы да басқа мамандырылған қауымдастықтар мен кәсіподақтарға.

ЕАЭО деңгейінде өзара сауда статистикасы деректері ЕАЭО ішкі нарығын байқау, экономика, саяси және сауда келіссөздерін жүргізу үшін қажет.

Республика деңгейінде сыртқы сауда статистикасы деректері төлем балансын және ұлттық шоттар жүйесін құрастыру үшін қажет.

Мемлекеттік секторында сыртқы сауда статистикасының негізгі пайдаланушылары Қазақстан Республикасы Президентінің әкімшілігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі және басқа мекемелер.

Кәсіпорындар сыртқы сауда статистикасын нарықтарды талдау үшін пайдаланады.

Жыл сайын сыртқы сауда статистикасы пайдаланушыларының саны көбейеді.

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы (бұдан әрі – Бюро) ықтимал пайдаланушылармен респонденттер, мүдделі мемлекеттік органдарының өкілдері, сонымен қоса «Атамекен» ҰКП қатысуымен жұмыс топтар (фокус-топтары) отырыстары өткізіледі, жалпымемлекеттік статистикалық нысандарының көрсеткіштері ведомстволық статистикалық нысандары көрсеткіштерімен және әкімшілік деректер нысандарымен қайталауды алып тастау бойынша толық талдау жүргізіледі.

Кері байланыс Telegram мессенджерінің statgovkz_bot аккаунты арқылы, сондай-ақ 1446 бірыңғай нөмірі арқылы байланысуға болатын пайдаланушыларды қолдау байланыс орталығы арқылы жүзеге асырылады.

S.3 Метадеректерді жанарту

S. 3. 1 Жаңартылған метадеректерді соңғы растау

08.11.2018 ж.

S. 3. 2 Метадеректерді соңғы орналастыруы

08.11.2018 ж.

S. 3. 3 Метадеректердің соңғы жаңаруы

08.11.2018 ж.

S. 4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

S. 4. 1 Деректерді сипаттау

ЕАЭО елдерімен өзара сауда статистикасы: тауар айналымы, экспорт, импорт.

S. 4. 2 Жіктеу жүйесі

1. ЕАЭО СЭҚ ТН – ЕАЭО сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасы (Бюроның Интернет-ресурсында www.stat.gov.kz Статистикалық жіктеуіштер бөлімінде орналастырылған);
2. ЕЖ – Әлем елдерінің жіктеуіші;
3. ӨБМС – Өлшем бірліктер жіктеуіші;
4. ЖШЖ – Жеткізу шарттарының жіктеуіші;
5. ТЕТЖ – Тауарларды өткізу ерекшеліктерінің жіктеуіші;
6. КТЖ – Көлік түрлері жіктеуіші.

Осы жіктеуіштер Бюроның Интернет-ресурсында негізгі бетінде «Экономика» - «Сыртқы, өзара сауда және тауар нарықтары статистикасы» – «Әдіснама» бөлімінде ЕЭК Шешімдері – «Кедендік декларациядағы толтыруға қолданылатын жіктеуіштер туралы» 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 Шешімі орналастырылған.

S. 4. 3 Секторлық қамту

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен экспорт және (немесе) импортты жүзеге асыратын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, дара кәсіпкерлер, сондай-ақ жеке тұлғалар тапсырады.

S. 4. 4 Статистикалық деректермен қамтылған негізгі экономикалық немесе өзге де секторлар

1. Респонденттер шеңбері: Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен экспорт және (немесе) импортты жүзеге асыратын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, дара кәсіпкерлер, сондай-ақ жеке тұлғалар.

2. Деректерді жинау құралы: «Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен тауарлармен өзара сауда туралы есеп» (индекс 1-ТС, айлық кезеңі) статистикалық нысаны Бюроның сайтында www.stat.gov.kz «Респонденттерге» бөлімінде орналастырылған.

Ұсыну мерзімі: есепті кезеңнен кейінгі 20 – күнге (қоса алғанда) дейін.

3. Байқау типі: бірыңғай.

S. 4. 5 Статистикалық объект

ЕАЭО мүше мемлекеттермен өзара сауданы (экспорт және (немесе) импорт) жүзеге асыратын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, дара кәсіпкерлер, сондай-ақ жеке тұлғалар.

S. 4. 6 Бас жиынтық (зерттеу бірлігінің іріктеу қағидаты)

Толық байқау: ЕАЭО мүше мемлекеттермен экспортты және (немесе) импортты жүзеге асыратын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, дара кәсіпкерлер, сондай-ақ жеке тұлғалар.

S. 4. 7 Аумақтық қамту

Қазақстан Республикасы, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар

S. 4. 8 Қамту уақыты

Кеден одағының құрылуына байланыста 2011 жылғы 1 шілдеден бастап ай сайынғы негізде қалыптастырылады.

S. 4. 9 Базалық кезең

Негізгі кезеңі үшін өткен ай қабылданады.

S. 5 Өлшем бірлігі

Тауарлардың сандық есебі (электр энергиясын қоспағанда) – килограмм;

Экспорт және импорт құнының көлемі – мың АҚШ доллары;

Тауарлардың жекелеген санаттары үшін олардың санын есепке алу ЕАЭО СЭҚ ТН (данамен, литрмен, шаршы метрмен, текше метрмен және басқалармен) сәйкес көрсетілген қосымша өлшем бірліктерінде де жүзеге асырылады.

S. 6 Есепті кезең

Айлық

S. 7 Құқықтық негіз

S. 7. 1 Құқықтық база

1. «Мемлекеттік статистикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257 – IV Заңы.

2. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі № 173 бұйрығымен бекітілген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидалары.

3. Республикасы Статистика агенттігі төрағасының м.а. 2010 жылғы 14 шілдедегі № 183 бұйрығымен бекітілген Әкімшілік дереккөздердің әкімшілік деректері өтеусіз негізде ұсыну қағидалары.

4. Белгіленген заңнамалық тәртіппен Бюро басшысының бұйрығымен бекітілген статистикалық жұмыстардың жоспары.

5. Белгіленген заңнамалық тәртіппен Бюро басшысының бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесі.

6. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 20 мамырдағы № 113 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигінде көзделмеген және

респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигіне сәйкес респонденттер ұсынатын алғашқы статистикалық деректер негізінде әзірленген статистикалық ақпаратты өтеусіз негізде беру қағидалары.

7. Қазақстан Республикасы экономика министрінің 2015 жылғы 18 желтоқсандағы № 778 бұйрығымен бекітілген Деректер базасын деидентификациялық түрде ұсыну және ғылыми мақсаттарға қолдану қағидалары.

S. 8 Құпиялық және деректерді қорғау

S. 8. 1 Құпиялық саясаты

1) «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 8-бабына сәйкес респонденттер ұсынатын деректердің құпиялылығы мен қорғалуына кепілдік қамтамасыз етіледі.

2. 2015 жылғы 29 қазандағы № 183 Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 28 – бабы коммерциялық құпиядан тұратын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді.

3. Бюросы басшысының 2021 жылғы 10 ақпандағы № 20 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі – Саясат) Бюроның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарын, міндеттерін, басқару принциптері мен практикалық тәсілдерін айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, оның тұтастығы және теңтүпнұсқалығы шартында Бюроның есептеу техникасы құралдарында өңделетін және сақталатын ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету болып табылады.

S. 8. 2 Құпиялық – деректермен жұмыс істеу

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңының 8 бабының 5-тармағына сәйкес ұсынылған деректердің құпиялылығын және қорғалуын қамтамасыз ету.

2. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Деректер базасын деидентификациялық түрде ұсыну және ғылыми мақсаттарға қолдану қағидалары. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 6388 болып енгізілді.

S. 9 Жарияланымдар саясаты

S. 9.1 Жарияланым күнтізбесі

Статистикалық жұмыстардың жоспары және ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесі «Әділет» ҚР НҚА АҚЖ Эталондық банкінде еркін қолжетімділікте орналастырылған.

S. 9.2 Графикке қол жеткізу

Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі «Әділет» ҚР НҚА АҚЖ Эталондық банкінде еркін қолжетімділікте орналастырылған. 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 19 бабына сәйкес.

S. 9.3 Пайдаланушы үшін қол жеткізу

Мемлекеттік статистика органдары пайдаланушыларға Бюро stat.gov.kz интернет-ресурсында орналастыру арқылы бір мезгілде қолжеткізуге және сапалы әкімшілік статистикалық ақпаратқа және статистикалық әдістемеге тең құқықтарын қамтамасыз етеді.

S. 10 Тарату жиілігі

Айлық

S. 11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

S. 11.1 Жаңалықтарды жариялау

Ай сайынғы 15 күні «Қазақстан Республикасының ЕАЭО елдерімен өзара саудасы туралы» баспасөзі жарияланады. Баспасөз Бюроның www.stat.gov.kz интернет-ресурсында Жаңалықтар бөлімінде орналастырылған.

S. 11.2 Жарияланымдар

1. «Қазақстан Республикасының сыртқы сауда айналымы» статистикалық бюллетені, Бюроның Интернет-ресурсында www.stat.gov.kz «Экономика» – «Сыртқы, өзара сауда және тауар нарықтары статистикасы» – «Жарияланымдар» бөлімінде орналастырылған;
2. «ЕАЭО-ға мүше мемлекеттермен Қазақстан Республикасының өзара тауарлар саудасы мен сыртқы сауда туралы» электрондық кесте Бюроның Интернет-ресурсында www.stat.gov.kz «Экономика» – «Сыртқы, өзара сауда және тауар нарықтары статистикасы» – «Электрондық кестелер» бөлімінде орналастырылған;
- 3 «Қазақстан Республикасында өнімнің (тауарлардың) және шикізаттың жекелеген түрлерінің ресурстары мен пайдаланылуы» электрондық кестесі Бюроның Интернет-ресурсында www.stat.gov.kz «Экономика» – «Сыртқы, өзара сауда және тауар нарықтары статистикасы» – «Электрондық кестелер» бөлімінде орналастырылған;
4. «Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуы» ай сайынғы журналдың «Сыртқы және өзара сауда статистикасы» бөлімінің баяндамасы, Бюроның Интернет-ресурсында www.stat.gov.kz «Жарияланымдар» бөлімінде орналастырылған.
5. Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамуы жөніндегі мемлекеттік бағдарламаның көрсеткіштері, Бюроның Интернет-ресурсында www.stat.gov.kz «Жарияланымдар» - «Тоқсандық» бөлімінде орналастырылған;
6. Негізгі көрсеткіштер, сыртқы сауда тауар айналымы, негізгі тауар топтары бойынша экспорты мен импортының құрылымы, облыстар бөлінісіндегі экспорты мен импорты және т.б., Бюроның Интернет-ресурсында www.stat.gov.kz «Экономика» – «Сыртқы, өзара сауда және тауар нарықтары статистикасы» – «Электрондық кестелер» бөлімінде орналастырылған;

«Талдау» ақпараттық талдамалық жүйесі.

<https://taldau.stat.gov.kz/ru> сілтемесі, «Сыртқы және өзара сауда статистикасы» бойынша.

S. 11. 3. 1 АС1. Деректер кестесі – кеңестер

Іске асырылмаған.

S. 11. 4 Микродеректерге қолжетімділік

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлінің 2015 жылғы 18 желтоқсандағы № 778 бұйрығымен бекітілген Дерекқорды қайта сәйкестендірілген түрде ғылыми мақсатта ұсыну және пайдалану ережесі.

S. 11. 5 Өзге де

ЕАЭО елдерімен өзара сауда бойынша статистикалық ақпарат ай сайын Еуразиялық экономикалық комиссиясына ұсынылады және ЕЭК Интернет-ресурсында www.eurasiancomision.org «ЕАЭО статистикасы» бөлімінде жарияланады, ТМД Статкомитетіне сұраулық толтырылады, ақпарат www.cisstat.com Интернет-ресурсында орналастырылған.

S. 11. 5. 1 АС 2. Метадеректер – кеңестер

Іске асырылмаған.

S. 12 Құжаттаманың қолжетімділігі

S. 12. 1 Әдіснама бойынша құжаттама

1. «Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің тауарларымен өзара сауда статистикасын жүргізу» әдістемесі Еуразиялық экономикалық комиссиямен 2018 жылғы 25 желтоқсандағы №210 Алқа шешімімін бекітілген.

2. «Тауарлармен халықаралық сауда статистикасы: 2010 жылғы тұжырымдама мен анықтамалар» БҰҰ Әдістемесі БҰҰ Статбөлімінің Интернет-ресурсында www.un.org Әдістеме орналастырылған;

3. «Тауарлармен халықаралық саудасы статистикасын жүргізу саласындағы әдістеме» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 14

желтоқсандағы № 204 бұйрығымен бекітілді. 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 12906 ҚР Әділет министрлігінде тіркелді. Бюроның www.stat.gov.kz Интернет-ресурсында «Экономика» – «Сыртқы, өзара сауда және тауар нарықтары статистикасы» «Әдіснама» бөлімінде орналастырылған.

S. 12. 2 Сапа бойынша құжаттама

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 67 бұйрығымен бекітілген Сапа саласындағы саясат.
2. Статистика комитетінің Сапа саласындағы мақсаттары, Тиісті құрылымдық бөлімшенің Сапа саласындағы мақсаттары.
3. Сапа менеджменті жүйесі құжатталған ақпараты: Сапа бойынша нұсқау; Құжатталған рәсімдер; Нұсқаулықтар; Процесстер карталары.
4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 53 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты түзу үдерісін сипаттаудың үлгілік әдістемесі.
5. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 63 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі.

S. 13 Сапаны басқару

S. 13. 1 Сапаны қамтамасыз ету

Өзара сауда статистикасы бойынша деректердің сапасы және анықтығы жалпы мақұлдаған рәсімдермен құпталады:

- Бастапқы есепке алу негізгі принциптерді сақтау.
- - тауарлардың, өнімдердің, қызметтердің стандартты статистикалық сыныптамасын пайдалану;
- Бастапқы деректерді жинау және өңдеу кезеңдерінде бақылаудың барлық схемалары (форматтық-логикалық, арифметикалық);
- Бастапқы деректердің дұрыстығын растау үшін респонденттерден қосымша ақпарат алу мүмкіндігі заңмен бекітілді;

- ЕАЭО мүше мемлекеттерінің уәкілетті органдарының бірлескен отырыстарында өзара сауда статистикасы бойынша деректерді айналы салыстыруы Кеден одағы мүше мемлекеттерінің өзара сауда статистикасын және кедендік сыртқы сауда статистикасын жүргізу бірыңғай әдістемесі, КОК 2011 жылғы 28 қаңтардағы № 525 Шешіміне сәйкес келеді.

S. 13. 2 Сапаны бағалау

Тауарлардың халықаралық саудасы статистикасын жүргізу саласындағы әдістемесі тұрақты негізде халықаралық ұйымдардың сараптамасынан өтуде:

- БҰҰ Еуропалық Экономикалық Комиссиясының Қазақстан Республикасының статистикалық жүйесінің жаһандық бағасы (2008 ж., 2017 ж.)

Әдістеме «Тауарлармен халықаралық сауда статистикасы: тұжырымдама мен анықтамалар, 2010 ж.» БҰҰ Статистикалық бөлімінің халықаралық әдістемесінің стандарттарына сәйкес келеді.

S. 14 Өзектілік

S. 14. 1 Пайдаланушылардың қажеттіліктері

Ақпараттық пайдаланушылар: Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі, Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің кеңсесі, Мәжіліс, Сенат, мемлекеттік органдар, салалық басқармалар, ТМД Статкомитеті, ЕЭК, ХАҚ, БҰҰ, халықаралық ұйымдар, аумақтық органдар мен талдаушылық орталықтар.

S. 14. 2 Пайдаланушылардың қанағаттанушылығы

S. 14. 3 Толықтығы/ R 1. Деректердің толықтығы – улес

S. 15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)

S. 15. 1 Жалпы дәлдік

Өзара сауда статистикасы бойынша жалпы мемлекеттік байқау мүмкін болатын қателерді азайтуға және тексеруге болуы мүмкін етіп қалыптасқан.

Бірақ, сауалнама мұқият жүргізілген болса да, деректерге ай сайынғы тексерісті жүргізу кезінде статистикада кездейсоқ қателер деп аталатын дәлсіздіктер болуы мүмкін (құны бойынша деректерді дұрыс толтырмау, оператордың есепті енгізу кезіндегі қателер және т.б.)

S. 15. 2 Іріктеме қатесі – индикаторлар/ А1.

Қолайсыз.

S. 15. 3 Іріктемемен байланысты есем қате

Қолайсыз.

S. 15. 3. 1 Қамту қатесі

Қолайсыз.

S. 15. 3. 1. 1 А 2. Қамтуды арттыру – үлес

Қолайсыз.

S. 15. 3. 1. 2 А 3. Жалпы бірліктер – арақатынас

Қолайсыз.

S. 15. 3. 3 Жауап жоқ болу қателері

S. 15. 3. 3. 1 А 4. Жауап жоқ болу бірлігі – үлесі

Қолайсыз.

S. 15. 3. 3. 2 А 5. Жауап жоқ болу тармағы – үлесі

Қолайсыз.

S. 16 Уақыттылық және ұқыптылық

S. 16. 1 Уақыттылық

S. 16. 1. 1 ТР1. Күту кезеңі – алғашқы нәтижелер

Ай сайын есепті кезеңнен кейінгі 45 күні

S. 16. 1. 2 ТР2. Күту кезеңі – соңғы нәтижелер

Жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі 180 күні

S. 16. 2 Ұқыптылық

S. 16. 2. 1 Ұқыптылық/ ТР3

Деректер белгіленген заңнамалық тәртіппен Бюро басшысының бұйрығымен бекітілген статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес және белгіленген заңнамалық тәртіппен Бюро басшысының бұйрығымен

бекітілген Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесіне сәйкес жарияланады.

S. 17 Салыстырмалылық

S. 17. 1 Географиялық салыстырмалығы

Өзара сауда статистикасы деректерін жинау және ұйымдастыру ерешеліктері, бұл келіспеушіліктердің объективті себептері болуы мүмкін:

- Өзара сауда статистикасы бойынша толық емес деректерді қамту, ЕАЭО елдерінде сыртқы сауда қызметінің қатысушылары статистикалық нысанды тапсырмағанына байланысты;
- Сауда қызметінің қатысушыларымен әр түрлі ЕАЭО СЭҚ ТН кодтарын қолдану;
- Жөнелтуші елдің экспортқа тауарды жөнелту күні және қабылдау елдің импортты тіркеу күні арасындағы уақыттың жетімділігі (өту жеткізулер).

S. 17. 1. 1 Ағындардың айналы статистика бойынша ассиметриясы – коэффициент/ СС1

2022 жылғы деректерді салыстыру және өзектендіру қорытындылары бойынша деректердегі сәйкессіздіктер Қазақстаннан Ресей Федерациясының импорт деректерімен Қазақстанның Ресей Федерациясына экспорты бойынша 8,0% - дан Қазақстаннан 4,7% - ға дейін, Ресей Федерациясынан Қазақстанға экспорты деректерімен импорты бойынша алшақтық 7,3% - дан 4,5% - ға дейін төмендеді.

S. 17. 2 Салыстырылатын уақытша қатарлардың ұзақтылығы/ СС2

Қолайсыз.

S. 18 Келісушілік

S. 18. 1 Сыртқы келісушілік, айқасқан

Тауарлардың халықаралық саудасы статистикасын жүргізу саласындағы әдістеме әлемдік банкімен бірлескен КАЗСТАТ жоспары шеңберінде (Ұлттық статистика жүйесін бекіту бойынша Жоспар) Федералды

ермания Республикасының Федералды статистикалық ұйымы ұсыныстарына және Еуропалық одақ тәжірибесіне сәйкес әзірленген.

S. 18. 2 Ішкі келісушілік

Тауарлардың халықаралық саудасы статистикасын жүргізу саласындағы әдістеме Бюроның құрылымдық бөлімшелерімен келісілген.

S. 19 Жүктеме

Респонденттің қалауымен деректерді жинау қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде жүзеге асырылады.

Онлайн режимде деректерді жинау, респонденттерге әдеттегі қателерді енгізу кезінде алып тастау автоматтандырылған арифметикалық-логикалық бақылаулар көзделген мүмкіндіктерімен жүзеге асырылады.

Ақпаратты өңдеу процесстері локальды жүйе комплекстарын қолданып автоматтандырылған, кіру және шығар ақпаратты бақылаулар қарастырылған.

Басқа байқаулармен қайталау жоқ.

S. 20 Деректерді қайта қарау

S. 20. 2 Деректерді қайта қарау/ А6

Деректерді өзектендіру Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің тауарлармен өзара сауда статистикасын жүргізу әдіснамасының XI бөлімінің 24-тармағына сәйкес 2018 жылғы 25 желтоқсандағы №210 және Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

S. 21 Статистикалық деректерді өңдеу

S. 21. 1 Бастапқы деректер

Сыртқы және ЕАЭО елдерімен өзара сауда статистикасы бойынша статистикалық деректер ҚР ҚМ МКК деректері негізінде тауарларға декларациялар бойынша және «Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен өзара тауарлар саудасы туралы есеп» 1-ТС нысаны бойынша респонденттердің алғашқы есептердің негізінде қалыптасады.

S. 21. 2 Зерттеу кезеңділігі

Ай

S. 21. 3 Алғашқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

Сыртқы сауда статистикасы бойынша ақпарат электрондық түрде тауарларға декларациялар бойынша ұсынылады.

ЕАЭО елдерімен өзара сауда статистикасы бойынша нысанды тапсыру қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде жүзеге асырылады.

Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру Бюроның интернет ресурсында (www.stat.gov.kz) орналастырылған «Деректерді online режимде жинау» ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

S. 21. 4 Алғашқы статистикалық деректердің анықтығы

Алғашқы статистикалық деректерді электрондық түрде енгізу деңгейінде алғашқы статистикалық ақпаратты өңдеу бойынша бағдарламаға формат-логикалық бақылаулар енгізілген.

Деректердің динамика, орташа бағалар бойынша, қосымша өлшем бірлігі бойынша және т.б талдаулар жүргізіледі.

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің тауарларымен өзара сауда статистикасын жүргізу әдіснамасына және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің тауарларымен сыртқы сауданың кедендік статистикасын жүргізу әдіснамасына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 25 желтоқсандағы №210 шешімімен бекітілген тауарлармен өзара сауда статистикасы бойынша деректерді ЕАЭО-ға қатысушы елдердің уәкілетті органдарының деректерімен айна бойынша салыстыру жүргізіледі.

S. 21. 5 Импутация – үлесі/ А7

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 14 желтоқсандағы № 204 бұйрығымен бекітілген «Тауарлардың халықаралық саудасы статистикасын жүргізу саласындағы әдістемесіне» сәйкес ЕАЭО мүше-мемлекеттерінің ресми статистикалық ақпаратты толық қамтамасыз ету

мақсатында салық органдарымен ұсынылатын мәліметтері негізінде тауарлардың өзара сауда көлемдері есепке алынбаған статистикалық қосымша есептеулер жүргізіледі.

S. 21. 6 Түзету

Деректерді түзету ЕАЭО СЭҚ ТН 10 таңбалы кодтарының нақты деңгейінде және серіктес елдерінің кәсіпорындар кесінінде жүзеге асырылады.

Сәйкес түзетулер кәсіпорынмен енгізілгеннен кейін Бюро өзара сауда статистикасы бойынша деректерін өзектендіру жүзеге асырылады.

Деректерді түзету ай сайынғы негізде респонденттердің алғашқы есептерінде қатедер табылған кезде жүзеге асырылады.

Бұдан басқа, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің тауарларымен өзара сауда статистикасын жүргізу әдіснамасының 2018 жылғы 25 желтоқсандағы №210 XI бөлімінің 24-тармағына сәйкес уәкілетті органдардың жыл сайынғы отырыстарын өткізгеннен кейін және деректердегі сәйкессіздіктердің себептерін анықтағаннан кейін респонденттерді толық қамтуды қамтамасыз еткеннен кейін ЕАЭО елдерімен өзара сауда статистикасы бойынша деректерді жыл сайын өзектендіру көзделген салық органдарының деректері негізінде есептеулерді жүргізгеннен кейін әкімшілік көздерді пайдалану.

Деректерді ай сайынғы және жыл сайынғы өзектендіру процедурасы статистикалық жұмыс жоспарында көзделген.

S. 21. 6. 1 Маусымдық ауытқуларға түзетулер

Қолайсыз.

S. 22 Ескерту

Халықаралық деңгейде ЕАЭО елдерімен өзара сауда статистикасы деректері салыстырмалығы мен сапасын алдағы уақытта қамтамасыз ету.

